# Ұлттық педагогика

# Ж О С П А Р:

1. АНЫҚТАМАСЫ
2. ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ –ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР
3. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАҚТАРЫ
4. МЕТОДИКАСЫ (ҚОРЫТЫНДЫ)

***<u>ЭТНОПЕДАГОГИКА</u>* - *(ГР. ETHNOS - ХАЛЫҚ,***

***PEDAGOGIKE - БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ) - ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ САЛАСЫ. ОНЫҢ ҚАРАСТЫРАТЫНДАРЫ: 1.НАҚТЫ ХАЛЫҚ (ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА) ҮШІН ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ, ӘДІСІ, МІНДЕТІ, ТАПСЫРМА ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫН ЗЕРТТЕУ; 2. ӘР ТҮРЛІ ХАЛЫҚТАРҒА ТӘН ТӘРБИЕМЕН ОҚУДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СПЕЦИФИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУІ; 3. СОЛ НЕМЕСЕ БАСҚА ЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӨКІЛДЕРІН ОҚЫТУМЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӘСЕРІНІҢ АНАЛИЗІ; 4 ОҚЫТУ ӘСЕРІМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДАҒЫ БҰЛ ПРОЦЕСТІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ.***

АДАМ ТӘРБИЕСІНДЕ БІЛІМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАҚТАРЫ ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРҒАНЫМЕН, ОНЫ (ТЕОРИЯНЫ) ЖЕКЕ БАСТЫ ОҚЫТЫП ТӘРБИЕЛЕП ЖЕТІЛДІРУГЕ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ КЕРЕК. МІНЕ, ОСЫДАН КЕЛІП, ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ, ОҚЫТУДЫҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫН, ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫН ҚАРАСТЫРАТЫН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ БІР САЛАСЫ – ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МЕТОДИКАСЫ ТУЫНДАЙДЫ. БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛАРЫ МЕН ӨМІР ТӘЖІРИБЕСІ ТЫҒЫЗ ҰШТАСҚАНДА ҒАНА АДАМ ҚАЖЕТІН ТОЛЫҚ ӨТЕЙ АЛАДЫ. ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛАР ТӘЖІРИБЕГЕ НЕГІЗДЕЛМЕСЕ, ОЛ ТИЯНАҚТЫ ҒЫЛЫМ БОЛМАЙТЫНЫ СӨЗСІЗ.

ОЛ ЖӨНІНДЕ XVII–XVIII ҒАСЫРЛАРДА ӨМІР СҮРГЕН БАТЫСТЫҢ, ОРЫСТЫҢ ПЕДАГОГ ҒАЛЫМДАРЫ ЖАҚСЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР АЙТҚАН БОЛАТЫН. МЫСАЛЫ, Я.А.КОМЕНСКИЙ “АҒАЙЫНДЫ ЧЕХТАРДЫ” ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, БАЛАНЫ ЖАСТАЙЫНАН ЕҢБЕККЕ ЖӘНЕ ЖАҚСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖОЛДАРЫН КӨРСЕТІП БЕРДІ. АЛ ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ КЕМЕҢГЕР ПЕДАГОГЫ И.Г.ПЕСТАЛОЦЦИ ТӘРБИЕНІ АНА ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН ХАЛЫҚТЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ БАЙ ТӘЖІРИБЕСІНЕ НЕГІЗДЕЙ ОТЫРЫП ЖҮРГІЗУДІ МАҚҰЛДАДЫ. ОЛ “АДАМНЫҢ АҚЫЛ ОЙЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДҰРЫС ДАМУЫ ҰЛТ ТІЛІНДЕГІ ОҚУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСІН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ” ДЕП ЕРЕКШЕ АТАП КӨРСЕТТІ

Ал әйгілі орыс педагогы К.Д.Ушинский халықтық тәрбиенің мақсаты мен мазмұнына және тәрбие мен оқыту әдістеріне тоқтала келе: "Орыс халқының бала тәрбиесі сол халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты, тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек" (82, 482), — деді. К.Д.Ушинский бала тәрбиелеудегі ауыз әдебиетінің рөліне де ерекше тоқталды. Ол: "Ертегілер халықтық педагогиканың алғашқы және тамаша үлгілері. Ертегілердегідей халықтың асқан даналық тәрбиесімен тепе-тең келетін бірде-бір тәрбие құралы жоқ" (82, 161),—деген еді. Кешегі Кеңестік дәуірдегі ұлы педагогтар А.С.Макаренко адамды тәрбиелеп жетілдіруде еңбектің, әсіресе ұжымдық еңбектің маңызына ерекше мән берген болса, ал В.А.Сухомлинский "Баланы ізгі жүректі азамат етіп тәрбиелеуде ойын түрлерін кеңінен қолдануды және баланы жазасыз тәрбиелеуді, ертек айтуға, табиғатты тамашалауға, сол арқылы олардың ой-қиялын өсіруге" баса көңіл бөлді. "Табиғат тамаша тәрбиеші, тек оны түсіне білуге үйрету керек" деп қарады

ӨТКЕН ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫНА КӨЗ ЖІБЕРСЕК, ҰЖЫМДЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫНА, ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ ДАНЫШПАНДЫҚ ОЙ ТҰЖЫРЫМДАРЫНА ӘЛ-ФАРАБИ, ИБИН-СИНА, ФЕРДАУСИ, ОМАР ХАЯМ, Я. А.КОМЕНСКИЙ, И.Г.ПЕСТАЛОЦЦИ, К.Д.УШИНСКИЙ, Н. Г.ЧЕРНЫШЕВСКИЙ, Н.А.ДОБРОЛЮБОВ, Л.Н.ТОЛСТОЙ, Ы.АЛТЫНСАРИН, Ш.УӘЛИХАНОВ, А.ҚҰНАНБАЕВ СИЯҚТЫ ОЙШЫЛ-ОҚЫМЫСТЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ БІРДЕ-БІРІ КӨҢІЛ БӨЛМЕЙ ӨТКЕН ЕМЕС. ОЛАР ХАЛЫҚТЫҢ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫНЫҢ ПРОГРЕССИВТІК ЖАҚТАРЫНА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІП, ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗДЕРІНЕ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЛАР ЖАСАДЫ


Ұлттық тәлім-тәрбиенің әдіс-тәсілдері
Дидактикалық талап
Әлеуметтік-этикалық талап
Ұлттық тәлім-тәрбиенің әдіс-тәсілдері
Ырымдар мен тыйым сөздер
Тұрмыс-салттық талаптар

## Ұлттық тәлім-тәрбие тарихнамасы




Этнопедагогика пәнінің
басқа ғылым салаларымен байланысы
ЭТНОПСИХОЛОГИЯ
ЭТНОЛИНГВИСТИКА
ЭТНОМӘДЕНИЕТ
ЭТНОФИЛОСОФИЯ
ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ
ЭТНОПЕДАГОГИКА
ЭТНОГРАФИЯ
ЭТНОСОЦИОЛОГИЯ
ЭТНОГЕОГРАФИЯ
ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ЭТНОТАРИХНАМА

# Қорытынды

ХАЛҚЫМЫЗ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ӨЗ ҰРПАҒЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ, ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА, ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕП КЕЛДІ. ОСЫ ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ДӘСТҮРДІҢ ӨЗЕГІ, АЛТЫН ДІҢГЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА БОЛДЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ЕЛБАСЫ ӨЗІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА «БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМІМЕН ӨЗ ЕЛІНЕ, ЖЕРІНЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ДАМЫТУҒА ТИІСПІЗ» ДЕГЕН МӘЛІМ.

СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНДА ДА «ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ДӘСТҮР-САЛТЫН ОҚЫП ҮЙРЕНУ ҮШІН ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ» ДЕП АТАП КӨРСЕТІЛГЕН. ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ, ОЛ ҰЛТТЫҢ ҰЛТ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫМЕН БІРГЕ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨНЕ ТАРИХИ ЖҮЙЕГЕ ЖАТАТЫНЫ КІМГЕ БОЛСА ДА АЯН.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ ! ! !